

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы кезінде кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы

Жаңаөзен қаласының әкімдігінің 2011 жылғы 02 наурыздағы № 63 Қаулысы. Жаңаөзен қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 02 наурызда № 11-2-160 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 - бабының 6 - тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жаңаөзен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қалалық сайлау комиссиясымен бірлесіп Жаңаөзен қаласында, Теңге, Қызылсай селоларында Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы кезінде кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

2. «Қазақстан Республикасының Президентінің сайлау бойынша үгіт насихаттың баспа материалдарын орналастыру үшін орын анықтау туралы» Жаңаөзен қала әкімшіятының 2005 жылғы 13 қазандағы № 1318 қаулысы (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11-2-11 тіркелген, 2005 жылғы 3 қарашадағы № 45 /1225/ «Жаңаөзен» газетінде жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулының орындалысын бақылау қала әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Ж . А й с а б а е в қ а жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

О. Сарбөпеев

К е л і с і л д і :

Б . Б а з ы л о в

Жаңаөзен қалалық сайлау комиссиясының төрағасы

2011 жылғы 02 наурыз № 63
Жаңаөзен қаласы әкімдігінің қаулысына
қосымша

Жаңаөзен қаласы, Теңге, Қызылсай селоларында сайлау кезінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

№	Материалдарды орналастыру үшін объектінің атауы	Орналастыру орны	Ескертпе

1	Тақталар	Маңғыстау көшесі	«Өркен» ш/а № 20 үйінің сол жағынан 40 метр қашықтықта
		Қашаған көшесі	№ 5 гимназия мектебінің оң жағынан 110 метр қашықтықта
		Сатпаев көшесі	«Тәуелсіздік» алаңының алдынан 20 метр қашықтықта
			«Шаңырақ» ш/а № 27 үйінің көше жағынан 30 метр қашықтықта
		Қосқұлақов көшесі	№ 11/26 үйінің көше жағынан 30 метр қашықтықта
		Бейбітшілік көшесі	«Мұнайшы» мәдениет үйі ғимаратының сол жағынан 30 метр қашықтықта
		Теңге селосы	«Болашақ» дүкенінің алдынан 40 метр қашықтықта
		Қызылсай селосы	№ 4 орта мектебінің алдынан 200 метр қашықтықта
		«Ақсу» ш/ауданы	№ 18 орта мектебінің алдынан 40 метр қашықтықта
		«Бостандық» ш/ауданы	«Нефтебаза» ЖШС-нің ЖЖМС ғимаратының сол жағынан 180 метр қашықтықта
2	Тұғырлықтар	«Атлант» сауда үйі	«Атлант» сауда үйінің сол жағынан 25 метр қашықтықта
		Қалалық перзентхана	Қалалық перзентхана ғимаратының сол жағынан 20 метр қашықтықта